**Аннотация.** Мақалада NaI, KI, RbI және LiI сияқты сілтілігаллоидты кристалдармен модификацияланған графен қабатының электрондық қасиеттерін модельдеу қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – сілтілік металдар мен галогендердің енуінің графеннің электрондық құрылымына әсерін айқындау және алынған композиттердің нанoeлектроникадағы қолдану мүмкіндіктерін бағалау болып табылады. Есептеулерді жүргізу үшін Atomistx ToolKit бағдарламалық ортасында жүзеге асырылған тығыздық функционалы әдісі қолданылды. Бұл тәсіл атомаралық өзара әрекеттесулерді жоғары дәлдікпен сипаттауға және материалдың энергетикалық әрі құрылымдық сипаттамаларын талдауға мүмкіндік береді. Модельдеу барысында күй тығыздығы спектріндегі, Ферми деңгейіндегі және зоналық құрылымдағы өзгерістер зерттеледі. Нәтижелер көрсеткендей, сілтілік металдар мен галоген иондарының енуі графен торының симметриясын жергілікті түрде бұзып, өткізгіштік және валенттік зоналар маңында қосымша энергетикалық деңгейлердің түзілуіне алып келеді. Бақыланған құбылыстар графеннің электрондық қасиеттерін химиялық модификация арқылы мақсатты түрде басқару мүмкіндігін көрсетеді. Атап айтқанда, таза графенде болмайтын тыйым салынған зонаның ашылуы анықталды, бұл оның практикалық қолдану салаларын кеңейту үшін маңызды. Айта кетерлігі, алынған нәтижелер функционалды материалдар саласындағы қазіргі заманғы зерттеулерге сәйкес келеді және графеннің сыртқы әсерлерге, соның ішінде легирлеу мен беткі адсорбцияға жоғары сезімталдығын дәлелдейді. Бұл графен негізіндегі



модификацияланған құрылымдарды наноэлектроника элементтерін, сенсорлық құрылғыларды және электрондық өткізгіштік бақыланатын өзгерту қажет болатын басқа да технологияларды әзірлеуде болашағы зор етеді. Жүргізілген модельдеу графеннің реттелетін қасиеттері бар жаңа материалдарды жасау үшін платформа ретіндегі әлеуетін көрсетеді және екіөлшемді жүйелер саласында одан әрі зерттеулерге мүмкіндік ашады.

**Түйін сөздері:** көміртек қабаты, графен, графенді модификациялау, NaI, KI, LiI және RbI нанокристалдары, күй тығыздығы, толық энергия

©А. Истляуп<sup>1</sup>, Л. Мясникова<sup>1\*</sup>, А. Лущик<sup>2</sup>, 2025.

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан;

<sup>2</sup>Институт Физики, Университет Тарту, Тарту, Эстония.  
E-mail: assel.ist94@gmail.com

## КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ СВОЙСТВ УГЛЕРОДНОГО ЛИСТА С КРИСТАЛЛАМИ ЙОДИДОВ ЩЕЛОЧНЫХ МЕТАЛЛОВ

**А. Истляуп** — PhD докторант, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан,

E-mail: assel.ist94@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3423-5126>;

**Л. Мясникова** — кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан,

E-mail: myasnikova\_ln@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3326-7206>;

**А. Лущик** — доктор физико-математических наук, профессор, Институт Физики, университет Тарту, Тарту, Эстония,

E-mail: aleksandr.lushchik@ut.ee, <https://orcid.org/0000-0003-2035-3420>.

**Аннотация.** В статье рассматривается моделирование электронных свойств графенового листа, модифицированного щелочногалогенидными кристаллами, включая NaI, KI, RbI и LiI. Основной целью исследования является выявления влияния внедрения щелочных металлов и галогенов на электронную структуру графена и оценка перспектив использования полученных композитов в наноэлектронике. Для проведения расчетов применен метод функционала плотности, реализованный в программной среде Atomistx ToolKit. Данный подход обеспечивает высокую точность описания межатомных взаимодействий и позволяет анализировать энергетические, так и структурные характеристики материала. В ходе моделирования были исследованы в спектре плотности состояний, уровне Ферми и зонной структуре. Результаты показали, что внедрение ионов щелочных металлов и галогенов вызывает локальное нарушение симметрии графеновой решетки, что приводит к формированию дополнительных энергетических уровней вблизи зоны проводимости и валентной зоны. Наблюдаемые эффекты указывают на возможность целенаправленного управления электронными свойствами графена за счет химической модификации. В частности, было выявлено открытие

запрещенной зоны, отсутствующей у чистого графена, что имеет важное значение для расширения областей его практического применения. Следует отметить, что полученные результаты согласуются с современными исследованиями в области функциональных материалов и подтверждают высокую чувствительность графена к внешним воздействиям, включая легирование и поверхностную адсорбцию. Это делает модифицированные структуры на основе графена перспективными для разработки элементов нанoeлектроники, сенсорных устройств и других технологий, где требуется контролируемое изменение электронной проводимости. Проведенное моделирование демонстрирует потенциал графена как платформы для создания новых материалов с регулируемыми свойствами и открывает возможности для дальнейших исследований в области двумерных систем.

**Ключевые слова:** углеродный лист, графен, модификация графена, нанокристаллы NaI, KI, LiI и RbI, плотность состояния, полная энергия

**Кіріспе.** Қазіргі заманауи нанотехнология және материалтану саласындағы зерттеулер түрлі көміртекті нанокұрылымдардың электрлік және құрылымдық қасиеттерін зерделеуге бағытталған. Бұл құрылымдардың ішінде графенге ерекше назар аударылады. Графен – көміртектің екі өлшемді аллотроптық түрі, ол бірегей физика-химиялық қасиеттерімен: заряд тасымалдаушыларының жоғары қозғалғыштығы, беріктігі, жылу мен химиялық тұрақтылығымен ерекшеленеді. Осы қасиеттерінің арқасында графен микроэлектроникада, сенсорларда, энергия жинақтау құрылғыларында және кванттық құрылғыларда қолдануға болашағы зор материал ретінде қарастырылады (Castro Neto et.al., 2009; Zhang et al., 2012)

Графенді функционалдаудың тиімді тәсілдерінің бірі – оның галогенденуі, бұл кезде галоген атомдарының (F, Cl, Br, I) қосылуы арқылы оның электрондық қасиеттері өзгереді. Мұндай графен туындылары – фторографен мен хлорографен – кең тыйым салынған аймаққа, жоғары химиялық тұрақтылыққа және бірегей оптикалық сипаттамаларға ие болып келеді (Karlicky et.al., 2013 a; Zboril et al., 2010). Атап айтқанда, фторографен диэлектрлік өтімділігімен және фотолюминесценциясымен графендік кванттық нүктелерге ұқсас қасиет көрсетеді (Robinson et.al., 2010; Feng et al., 2013), ал оның сипаттамаларын ендірілген фтор немесе басқа галоген атомдарының мөлшері арқылы дәл келтіруге болады (Poh et.al., 2013; Karlicky et al., 2013 b; Takagi et al., 2002).

Графен құрылымына сілтілі галоидты қосылыстарды, мысалы NaI, KI, RbI, LiI енгізу – тағы бір маңызды бағыт болып табылады. Бұл кристалдар жоғары иондық қозғалғыштыққа және энергия деңгейлерінің кең диапазонына ие бола отырып, жүйенің электрондық күй тығыздығын (DOS) және толық энергиясын едәуір өзгерте алады (Han et.al., 2010; Osuna et al., 2010). Бұған дейін графеннің адсорбцияланған молекулалармен немесе нанокристалдармен өзара әрекеттесуі Ферми деңгейінің ығысуын, тыйым салынған аймақта қосымша энергия деңгейлерінің пайда болуын және электрондық күйлердің локализациясын тудыратындығы көрсетілген болатын (Chang et.al., 2011; Li et al., 2011; Zheng et al., 2012). Мұндай жүйелерді тығыздық функционалы теориясы (DFT) әдістері арқылы модельдеу

ерекше қызығушылық тудырады. Бұл әдістер графен мен енгізілген бөлшектер арасындағы өзара әрекеттесуді, тұрақтылығын және электрондық құрылымын кванттық-механикалық деңгейде болжауға мүмкіндік береді (Istlyaur et al., 2024 a; Istlyaur et al., 2024 b). Мысалы, галоидтармен модификацияланған графен құрылымдарын модельдеу арқылы алынған композиттердің наноэлектрондық құрылғылар мен сенсорлық платформалар элементтері ретінде қолдану әлеуетін бағалауға болады (Gopalakrishnan et al., 2012).

Осы зерттеуде NaI, KI, LiI және RbI кристалдарын енгізу арқылы графен қабатының электрлік қасиеттері компьютерлік модельдеу арқылы зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – бұл қосылыстардың электрондық күй тығыздығына, жүйенің толық энергиясына әсерін анықтау, сондай-ақ модификацияланған құрылымдардың тұрақтылығын және оларды функционалдық наноматериалдар ретінде қолдану мүмкіндігін бағалау.

### **Материалдар мен зерттеу әдістер.**

#### **Модельдеу**


Берілген жұмыста DFT әдісі негізінде компьютерлік модельдеу жүргізілді. Есептеулер Atomistix ToolKit бағдарламалық кешенінде Virtual NanoLab интерфейсі арқылы жүзеге асырылды, ол гетероқұрылымдардың электрондық құрылымын, күй тығыздығын және толық энергиясын атомдық деңгейде есептеуге мүмкіндік береді. Барлық есептеулер LCAO базисі мен PBE (Perdew–Burke–Ernzerhof) алмастыру-корреляциялық потенциалы қолданылған жалпыланған градиентті жуықтау (GGA) шеңберінде орындалды.

Наноқұрылымдар ретінде көміртек қабаттары модельденді, олардың бетіне сілтілі галоидты қосылыстардың (NaI, KI, RbI, LiI) кристалдары орналастырылды. Геометриялық оңтайландыру қалдық күштер  $0.05 \text{ эВ}/\text{Å}$ -ден төмен мәнге жеткенше жүргізілді. Электрондық күй тығыздығы  $-30$ -дан  $+20 \text{ эВ}$ -ке дейін энергия аймағында есептелді, ал энергетикалық тыйым салынған аймақ (энергетикалық саңылау) ең жоғары толтырылған және ең төменгі бос деңгейлер арасындағы айырма ретінде анықталды.

Модельдеудің әдіснамасы модификацияланған нано-көміртекті құрылымдарды кванттық сипаттау бойынша бұрынғы табысты зерттеулерге негізделген (Istlyaur et al., 2024 b), олар табиғаты әртүрлі енгізілімдермен әрекеттескен кездегі электрондық және тасымалдау қасиеттерін жоғары дәлдікпен болжай алатындығын көрсетті. Бұл зерттеуде иондық кристалдардың Ферми деңгейіне және электрондық күйлердің тығыздығына әсерін бағалаумен қатар, зарядтың ықтимал локализациялану аймақтарын анықтауға да назар аударылады, бұл наноқұрылғыларды жобалау үшін аса маңызды.

Жүйе құрылымын визуализациялау үшін VESTA бағдарламасы қолданылды, ол атомдардың кристалдық тордағы орналасуын, сондай-ақ графен мен сілтілі галоидты кристалдар арасындағы өзара әрекеттесуді дәл бейнелеуге мүмкіндік берді. Модельді құру бірнеше кезеңнен тұрды: графен қабатын жасау, оның бетіне сілтілі металл кристалдарын (NaI, KI, LiI, RbI) орналастыру және ең тұрақты геометриялық конфигурацияға қол жеткізу үшін құрылымды оңтайландыру.

Зерттеудің негізгі кезеңдерінің бірі – күй тығыздығын есептеу болды, бұл адсорбцияланған атомдардың графеннің электрондық құрылымына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік берді. Таза графен мен модификацияланған құрылымдар үшін DOS салыстыруы энергетикалық деңгейлердің өзгергенін және тыйым салынған аймақта жаңа күйлердің пайда болу мүмкіндігін көрсетті. Сонымен қатар, негізгі есептеулерге дейін құрылымдардың геометриялық релаксациясы жүргізілді. Бұл процесс атомдарға әсер ететін күштерді азайтуға және жүйенің энергетикалық тұрғыдан тұрақты конфигурациясына қол жеткізуге бағытталды.



Сурет 1. Кубтық сілтілі галоидты кристалдармен модификацияланған көміртек қабаты (RbI@Graphen)

Берілген зерттеуде 1-суретте көрсетілген құрылымға ұқсас материалдар конструкциясы қолданылды. Сілтілі металл йодидтерінің кубтық кристалдары ( $3 \times 3 \times 3$  өлшемінде), яғни 27 ионнан тұратын құрылымдар, 152 атомнан құралған шағын графен қабатының бетіне орналастырылды. Бұл атомдардың 48-і кристалмен өзара әрекеттесу аймағында орналасқан. Кристалдың элементар ұяшығының көлемі  $28,934 \text{ \AA}$  құрады, бұл NaI, KI, LiI және RbI типті қосылыстар үшін тән тор өлшемдеріне сәйкес келеді.

Кристалдар құрылымы NaCl типіндегі кубтық тор түрінде ұсынылды, онда сілтілі металдардың катиондары мен йодтың аниондары кезектесіп орналасып, тұрақты кеңістіктік конфигурацияны түзеді. Кристалдағы ең жақын иондар арасындағы арақашықтық сілтілі металл табиғатына байланысты  $1,535\text{--}1,850 \text{ \AA}$  аралығында болды. Мысалы, NaI үшін бұл арақашықтық шамамен  $1,535 \text{ \AA}$ , ал KI, LiI және RbI үшін –  $1,850 \text{ \AA}$ .

Графен қабаты көміртек атомдарынан тұратын бір қабаты құрылым болып табылады және ол атомдар арасындағы типтік арақашықтығы  $\approx 1,42 \text{ \AA}$  шамасында гексагональды торда орналасқан. Графен мен кристалдық құрылым арасындағы

өзара әрекет бірнеше факторлардың есебінен жүзеге асты. Ван-дер-ваальс күштері графеннің  $\pi$ -электрондық жүйесі мен кристалл иондары арасында әлсіз қабатаралық әрекеттесуді қамтамасыз етті. Электростатикалық күштер сілтілі металдардың катиондары ( $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Rb}^+$ ) мен йод аниондарының ( $\text{I}^-$ ) заряд айырмашылығынан туындап, бұл, өз кезегінде, графен бетінде поляризацияны пайда болдырды. Деформациялық әсерлер кристалл әсерінен графен қабатының мүмкін болатын иілуінен байқалды.

Графенмен кристалдың төменгі иондар қабаты арасындағы орташа арақашықтық 3,0–3,5 Å құрап, кристалдың графен бетінде тұрақты адсорбциялануын қамтамасыз етті. Бүкіл жүйенің электрондық қасиеттеріне әсер етуі мүмкін өзара әрекеттесу энергиясы қосылыстың түріне байланысты әртүрлі болды.

### **Нәтижелер мен талқылау.**


Жүйенің толық энергиясына есептеулер жүргізіліп, тығыздық функционалы теориясы шеңберінде күй тығыздығы талданды, бұл алынған құрылымдардың электрлік қасиеттерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді.

Берілген жұмыстағы есептеулерді жүргізу үшін кванттық механика мен материалтануда кеңінен қолданылатын әдістердің бірі тығыздық функционалы теориясына негізделген тәсіл қолданылды. Тығыздық функционалы теориясы материалдардың электрондық құрылымдарын жоғары дәлдікпен зерттеуге мүмкіндік береді және олардың негізгі физика-химиялық қасиеттерін — энергиясын, күй тығыздығын, өткізгіштік және валенттік зоналарын болжауға мүмкіндік береді. Толық энергия бойынша алынған нәтижелер әртүрлі сілтілі галоидты қосылыстарда жүйелердің тұрақтылық дәрежесінің әртүрлі болатындығын көрсетті. Бұл графен мен адсорбцияланған NaI, KI, LiI және RbI молекулалары арасындағы иондық және ван-дер-ваальс күштерінің үлесін қоса алғанда, атомаралық өзара әрекеттесулердегі айырмашылықтарға байланысты.

Модельдеу нәтижесінде NaI, KI, LiI, RbI сілтілі галоидты кристалдарымен модификацияланған көміртек қабаты үшін күй тығыздығының графиктері алынды. Графиктерді талдау барлық зерттелген жүйелерде күй тығыздығының ұқсас таралу сипаты байқалатынын көрсетті, және бұл таралуларда катион түріне байланысты белгілі бір айырмашылықтары болды. Барлық нұсқаларда қызыл пунктирлі сызықпен белгіленген Ферми деңгейі ( $\epsilon_F$ ), тыйым салынған аймақтың ортасына жақын немесе күй тығыздығы жоғары аймақта орналасқан, бұл графеннің кристалдық енгізілімдермен әрекеттесуі нәтижесінде оның электрондық құрылымының өзгергенін көрсетеді. Мысалы,  $\text{K}_{14}\text{I}_{13}@GS$  жүйесінде күй тығыздығының ең жоғары мәні энергияның оң аймағында байқалады, ал  $\text{Rb}_{14}\text{I}_{13}@GS$  жүйесінде күйлердің таралуы энергияның төменгі аймағына ығысқан. Ұқсас көрініс  $\text{Na}_{14}\text{I}_{13}@GS$  және  $\text{Li}_{14}\text{I}_{13}@GS$  жүйелерінде де байқалады, бірақ соңғы жағдайда энергетикалық диапазон кеңейген, ал күй тығыздығы басқа жүйелермен салыстырғанда төменірек.

Осылайша, есептеу нәтижелері сілтілі галоидты кристалдардың графеннің электрондық қасиеттеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Атап айтқанда,  $\text{Li}^+$  және  $\text{Na}^+$  сияқты жеңіл катиондар энергия деңгейлерінің үлкен ығысуына

алып келеді, ал  $K^+$  және  $Rb^+$  сияқты ауыр катиондар неғұрлым локализацияланған күйлерді түзеді. Бұл олардың графен қабатымен электростатикалық әрекеттесуіндегі және жүйенің поляризация дәрежесіндегі айырмашылықтармен байланысты болуы мүмкін.



Сурет 2. Сілтілі металдар йодидтерінен тұратын кубтық кристалдардың және көміртек қабатының күй тығыздығы спектрлері

Күй тығыздығын талдау сілтілі галоидты кристалдарды енгізудің графеннің электрондық құрылымына қалай әсер ететінін көрсетті. Кейбір жағдайларда өткізгіштік және валенттік аймақтарда өзгерістер байқалды, бұл графенді осы қосылыстар арқылы допирлеу мүмкіндігін білдіреді. Сонымен қатар, локализацияланған күйлердің сипатында айырмашылықтар анықталды, бұл мұндай жүйелерді нанотехнология мен микроэлектроника салаларында қолдану әлеуетін түсіну үшін маңызды.

KI, LiI, RbI, NaI сілтілі галоидты кристалдарынан және көміртек қабатынан (GS) тұратын модельденген жүйелердің толық энергиясы көрсетілген кесте түрлі энергия үлестерін және олардың құрылым тұрақтылығына әсерін егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді (Кесте 1).

Кесте 1 – Көміртек қабаты мен сілтілі галоидты кристалдардан тұратын жүйенің энергия үлестері

Модельдеу нысаны	Ауыстыру-корреляциялық энергия (eV)	Кинетикалық энергия (eV)	Электростатикалық энергия (eV)	Энтропиялық қосылғыш (eV)	Толық энергия (eV)
(KI)@GS	-4275.86549	8382.50376	-16038.69300	-0.00012	-11932.05485
(LiI)@GS	-3908.83727	7908.22278	-15857.72045	-0.00012	-11858.33506
(RbI)@GS	-4262.21741	8617.31455	-16106.87983	-0.00013	-11751.78282
(NaI)@GS	-6044.36272	7871.96182	-15377.37362	-0.00019	-13549.77471

Кестеге енгізілген параметрлерге ауыстыру-корреляциялық энергия, кинетикалық энергия, электростатикалық өзара әрекеттесу, энтропиялық қосылғыш және қорытынды толық энергия кіреді. Ауыстыру-корреляциялық энергия электрондар арасындағы кванттық-механикалық өзара әрекеттесулерге жауап береді. Ең үлкен абсолюттік мән (ең теріс) NaI@GS жүйесінде байқалады (-6044.36 эВ), бұл электрондық корреляциялардың айтарлықтай әсерін көрсетеді. Қалған жүйелер (KI@GS, LiI@GS, RbI@GS) модуль бойынша кіші мәндер көрсетіп, бұл құрылымдарда электрондық корреляцияның әлсіздеу екенін білдіреді. Кинетикалық энергия электрондардың қозғалысынан туындайтын үлесті сипаттайды. Оның ең жоғары мәндері RbI@GS (8617.31 эВ) және KI@GS (8382.50 эВ) жүйелерінде тіркелген, бұл электрондық таралуға әсер ететін массивті катиондардың болуымен түсіндіріледі. Ең төменгі кинетикалық энергия NaI@GS жүйесінде байқалды (7871.96 эВ), бұл электрондық өзара әрекеттесудің әлсіздеу екенін көрсетеді.

Электростатикалық энергия – графен мен кристалдық құрылым арасындағы өзара әрекеттесуді анықтайтын негізгі параметр болып табылады. Ең айқын электростатикалық үлесті RbI@GS жүйесі көрсетеді (-16106.87 эВ), ал ең аз теріс мән NaI@GS жүйесінде байқалады (-15377.37 эВ), бұл жүйенің поляризациялану қабілетінің төмен болуымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, барлық жүйелерде энтропиялық қосылғыш іс жүзінде еленбейтіндей аз мәнге ие (-0.00012...-0.00019 эВ), бұл термодинамикалық энтропияның бұл құрылымдардың түзілуіне әсері әлсіз екенін көрсетеді.

Толық энергияны талдау нәтижесінде ең тұрақты жүйе NaI@GS (-13549.77 эВ) екені анықталды, бұл ауыстыру-корреляциялық энергияның күшті үлесімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, RbI@GS жүйесі ең үлкен модульдегі электростатикалық энергияға ие болғанымен, оның толық энергиясы жоғарырақ (-11751.78 эВ), бұл графен қабатының RbI-пен әрекеттесу кезінде айтарлықтай құрылымдық деформацияға ұшырайтынын көрсетеді. KI@GS (-11932.05 эВ) және LiI@GS (-11858.33 эВ) жүйелерінің толық энергия мәндері аралық диапазонда орналасқан, бұл берілген қосылыстардың орташа тұрақтылығын

білдіреді. Осылайша, термодинамикалық тұрақтылық тұрғысынан графеннің NaI қосылысымен әрекеттесуі ең тиімді болып табылады, ал ауыр катиондары бар жүйелер ( $Rb^+$ ,  $K^+$ ) графеннің электрондық құрылымына көбірек әсер еткенімен, тұрақтылығы төменірек болып келеді.

Осы зерттеу көміртекті нанокұрылымдардың сілтілі галоидты қосылыстармен өзара әрекеттесуін түсінуге өз үлесін қосады және бұл реттелетін электрлік қасиеттері бар жаңа нанокөміртекті материалдарды әзірлеу үшін пайдалы болуы мүмкін. Жалпы алғанда, жүргізілген модельдеу сілтілі галоидты қосылыстардың графен қабатының физика-химиялық қасиеттеріне әсерін талдауға мүмкіндік берді. Бұл графенді функционализациялау және берілген сипаттамаларға ие жаңа наноматериалдарды жасау саласындағы болашақ зерттеулер үшін маңызды негіз бола алады.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу NaI, KI, RbI және LiI сілтілі галоидты кристалдарын графен қабатының бетіне орналастыру оның электрондық құрылымы мен энергия сипаттамаларына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Күй тығыздығының спектрлері өткізгіштік аймағында жаңа энергетикалық деңгейлердің пайда болуын және Ферми деңгейінің ығысуын көрсетеді, бұл графеннің электрондық қасиеттерін тиімді басқаруға болатындығын дәлелдейді.

Модельдеу нәтижелері мұндай нано-гетерокұрылымдарды сенсорлық құрылғыларда, бірэлектронды транзисторларда, сондай-ақ энергияны жинақтау және түрлендіру салаларында қолданудың болашағы зор екенін көрсетеді. Осы жұмыста қолданылған бірінші принциптерге негізделген есептеу әдістері және Atomistix ToolKit бағдарламалық пакеті графен негізіндегі төмен өлшемді жүйелердің физикалық сипаттамаларын сипаттауда жоғары дәлдік көрсетті.

Сонымен қатар, NaI@GS жүйесі ең төменгі толық энергия мәніне ие бола отырып, электрондық корреляция мен құрылымдық тұрақтылықтың оңтайлы үйлесімін көрсетті. Ал ауыр катиондармен ( $Rb^+$ ,  $K^+$ ) модификацияланған жүйелерде электрондық құрылымда айтарлықтай өзгерістер байқалғанымен, олардың термодинамикалық тұрақтылығы төмендеуі болып шықты. Бұл нәтижелер ион табиғатының графен негізіндегі нанокұрылымдардың энергетикалық және функционалдық сипаттамаларын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын айқындайды. Алынған деректер иондық кристалдардың көміртекті нанокұрылымдармен әрекеттесуін зерттеуге арналған келешектегі теориялық және эксперименттік зерттеулерге негіз бола алады. Бұл кванттық электроникаға арналған жаңа функционалдық материалдарды әзірлеуге ықпал етеді.

### References

Castro Neto A.H., Guinea F., Peres N., Novoselov K. S., Geim A.K. (2009) The Electronic Properties of Graphene. *Rev. Mod. Phys.*, 81. — P. 109–162. DOI: <https://doi.org/10.1103/RevModPhys.81.109> (in Eng.).

Chang H.X., Cheng J.S., Liu X.Q., Gao J.F., Li M.J., Li J.H., Tao X.M., Ding F., Zheng Z.J. (2011) Facile Synthesis of Wide-Bandgap Fluorinated Graphene Semiconductors. *Chem. Eur. J.*, 17. — P. 8896–8903. DOI: 10.1002/chem.201100699 (in Eng.).

Feng Q., Cao Q., Li M., Liu F., Tang N., Du Y. (2013) Synthesis and Photoluminescence of Fluorinated Graphene Quantum Dots. *Appl. Phys. Lett.*, 102, 013111. DOI:10.1063/1.4774264 (in Eng.).



Gopalakrishnan K., Subrahmanyam K.S., Kumar P., Govindaraj A., Rao C. (2012) Reversible Chemical Storage of Halogens in Few-Layer Graphene. *RSC Adv.*, 2, 1605–1608. <https://doi.org/10.1039/C1RA00403D> (in Eng.).

Han S.S., Yu T.H., Merinov B.V., van Duin A., Yazami R., Goddard W.A. (2010) Unraveling Structural Models of Graphite Fluorides by Density Functional Theory Calculations. *Chem. Mater.*, 22. — P. 2142–2154. <https://doi.org/10.1021/cm903760t> (in Eng.).

Istlyaup A., Myasnikova L., Luschik, A. (2024). Computer simulation of the density of state NaX (X = F, Cl) nanoobjects. *Reports NAS RK*, 4. — P. 49–60. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.306> (in Eng.)

Istlyaup A., Myasnikova L., Bezrukovs V., Žalga A., Popov A.I. (2024). Computer simulation of the electrical properties of carbon nanotubes encapsulated with alkali metal iodide crystals. *Low Temperature Physics*, 50. — P. 898 – 904. DOI:10.1063/10.0028637 (in Eng.).

Karlicky F., Datta K., Otyepka M., Zboril R. (2013) Halogenated Graphenes: Rapidly Growing Family of Graphene Derivatives. *ACS Nano*, 7(8). — P. 6434–6464. DOI: 10.1021/nn4024027 (in Eng.).

Karlicky F., Otyepka M. (2013) Band Gap and Optical Spectra of Chlorographene, Fluorographene and Graphane from G0W0, GW0 and GW Calculations on Top of PBE and HSE06 Orbitals. *J. Chem. Theory Comput.*, DOI:10.1021/ct400476r. (in Eng.).

Li B., Zhou L., Wu D., Peng H.L., Yan K., Zhou Y., Liu Z.F. (2011) Photochemical Chlorination of Graphene. *ACS Nano*, 5. — P. 5957–5961. DOI: 10.1021/nn201731t (in Eng.).

Osuna S., Torrent-Sucarrat M., Sola M., Geerlings P., Ewels C.P., Van Lier G. (2010) Reaction Mechanisms for Graphene and Carbon Nanotube Fluorination. *J. Phys. Chem. C*, 114. — P. 3340–3345. <https://doi.org/10.1021/jp908887n> (in Eng.).

Poh H.L., Simek P., Sofer Z., Pumera M. (2013) Halogenation of Graphene with Chlorine, Bromine, or Iodine by Exfoliation in a Halogen Atmosphere. *Chem. Eur. J.*, 19. — P. 2655–2662. <https://doi.org/10.1002/chem.201202972> (in Eng.).

Robinson J.T., Burgess J.S., Junkermeier C.E., Badescu S.C., Reinecke T.L., Perkins F.K., Zalalutdniov M.K., Baldwin J.W., Culbertson J.C., Sheehan P.E. (2010) Properties of Fluorinated Graphene Films. *Nano Lett.*, 10. — P. 3001–3005. <https://doi.org/10.1021/nl101437p> (in Eng.).

Takagi Y., Kusakabe K. (2002) Transition from Direct Band Gap to Indirect Band Gap in Fluorinated Carbon. *Phys. Rev. B*, 65, 121103(R). DOI: <https://doi.org/10.1103/PhysRevB.65.121103> (in Eng.).

Zboril R., Karlicky F., Bourlinos A.B., Steriotis T.A., Stubos A.K., Georgakilas V., Safarova K., Jancik D., Trapalis C., Otyepka M. (2010) Graphene Fluoride: A Stable Stoichiometric Graphene Derivative and Its Chemical Conversion to Graphene. *Small*, 6. — P. 2885–2891. <https://doi.org/10.1002/sml.201001401> (in Eng.).

Zhang T., Xue Q.Z., Zhang S., Dong M.D. (2012), Theoretical Approaches to Graphene and Graphene-Based Materials. *Nano Today* 7. — P. 180–200. DOI: 10.1016/j.nantod.2012.04.006 (in Eng.).

Zheng J., Hong L., Bin W., Chong D., Yun T., Gui Y., Liu Y., Zhu D. (2012) Production of Graphite Chloride and Bromide Using Microwave Sparks. *Sci. Rep.*, 2, 662. DOI: 10.1038/srep00662 (in Eng.).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 3.09.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 3.